

• БІЗДІҢ СҮХБАТ



Көрима САХАРБАЕВА

Махамбеттің музыкалық мұрасын зерттеуде Алматы Мемлекеттік Құрманғазы атындағы консерваториясының еңбегі орасан. Ұлы бабаның ұрпағына қалдырған өлшеусіз мұрасын ел ішінен іздестіріп-табауда осы оқу орнының домбыра кафедрасының оқытушы-студенттер қауымы біраз істер атқарды. Көп жылдар бойы жеткілікті көңіл бөлінбей келген Махамбеттің күйшілік қырын жан-жақты ашып, оның күй қорын түгендеу шаралары жүргізілуде. «Жеті мүшесіне жеті күй» деп музыка мамандары «Шашақты найзашалқар күй» атты жинаққа атақты жеті күйін нотаға түсіріп, жинақтап шығарғанына, міне, жиырма жылдан асып барады. Одан бері де талай жұмыстар жүзеге асты. Осыған орай консерваторияның домбыра кафедрасының оқытушысы, күйші, музыкатанушы Көрима Сахарбаевамен сұхбат-тасқан едік.



— Махамбеттің күйлері бір деректерде 17, кей жерлерде 20-ның үстінде деліне, кей зерттеушілер Махамбеттің мұнаша дүниесі болуы мүмкін емес дегенді де айтады. Ол соншалықты күй шығаратындай өмір сүрген жоқ деп жорамалдайды. Дегенмен, табылған күйлер мен деректер осы шамаға жетіп жығылады.

«Найзасы жалаулаған

батыр еді,

Лебізі алаулаған ақын еді,

Ол жердің екі аяқты пендесінен

Аспанның сұңқарына

жақын еді.

Адамның адамының адамы еді,

Бір өзі — бір халықтың заманы еді» деп Әбіш Кекілбаев айтқандай, Махамбетте өнер көп. Қанша қасіретті ғұмырды бастан кешсе, сонша рухани азықтық өнер қалдырды. Осы мерейтойының дайындығына кірискелі бері мені домбырашы ретінде мағалаған — оның шығармашылығы, мұрасы жинақталған жерде Махамбеттің күйлерінің қалып

МАХАМБЕТ КҮЙЛЕРІ -

— Махамбет бабамыздың 200 жылдық мерейтойын Атырауда атап өтетін уақыт өне-міне дегенше келіп те қалды. Дегенмен, Махамбет — жалпы қазақтың Махамбеті. Оның мерейтойына ел болып атсалысып жатырмыз. Сіз қызмет ететін Мемлекеттік консерватория да сырт қалған жоқ. Осы туралы не айтар едіңіз?

— Бұрынғыда да, бүгінгі таңда да аса абыройлы, сегіз қырлы бір сырлы асыларымыз жетерлік. Соның бірі де бірегейі — қамшының сабындай 42 жас өмірінде жасындай жарқылдап өткен Махамбет бабамыз. Махамбет шығармашылығындағы ол аңсаған азаттық, қажыр мен қайрат, ақиқат пен турашылық — бүгінгі бұри, болашақтың бағдары. Махамбеттің асыл мұрасы — осынғымен мәңгілік мирас. Биылғы ЮНЕСКО көлемінде аталып өткенді отырған 200 жылдық мерейтойына орай атқарылып жатқан габратты игілікті шаралар — осының дәлелі. Түркі тектес халықтардың барлығы Махамбетті, бірінші, батыр, екіншіден, ақын ретінде көбірек біледі. Ал оның күйшілік қасиетінің ел ішіне танылуы кешендеу, кемшіндеу қалған сынайлы. Махамбет күйлері соңғы жылдары консерватория домбыра кафедрасының менгерушісі, профессор Қаршыға Ахмедияров тәрбиеленген жекелеген орындаушылардың арқасында биік белеске көтерілді. Махамбеттің өлең-жырлары, олардың орындау мақамдары консерваторияның домбыра кафедрасының ұстаздары мен студенттерінің еңбегінің арқасында зерттеліп, ел арасынан жинақталып, қорға енуде. Ал оның күйлерін зерттеуде де айтарлықтай табыстарға жеттік. Жана күйлері табылды. Оқыту бағдарламасына еніп, сақ домбырашыларға үйретілуде. Мәдениетті қолдау жылынан бері біз консерваторияның домбыра кафедрасында бағдарламаны ауыстыра бастадық. Қайткен күнде де күйді көбірек қамтып, қайткен күнде бүкіл Қазақстанға

біздегі бар күйшілік мектептерді таныта аламыз деп ойландық. Біз, бірінші рет жеке орындаушы деген сала аштық. Күйге ыңғайы бар балаларды жеке орындаушы ретінде таңдауға тырыстық. Кафедра менгерушісі М.Әубәкіров, Қ.Ахмедияров бастаған бұл істен керемет күйші деген үш бала ғана танылды. Төрт-бес жылға созылған тәжірибеден онды нәтиже шықпады. Содан кейін біз әрбір композициядан 20 күй үйренуге міндеттедік. Бізде жылына төрт рет сынақ өтеді. Академиялық, техникалық, қысқы емтихан, сынақ. Құрманғазыдан 20, Дәулеткерейден 20 деген сияқты. Кейбір композиторлардың шығармалары 20-ға жетпейді.

Махамбеттің 7 күйі бар. Бірақ 7 күйдің өзі жетпес күйге таңды. «Қайран Нарын» мен «Жұмыр-Қылыш» сияқты күрделі күйді кез-келген күйші орындай алмайды. Осыдан 3 жыл бұрын Махамбетті оқу бағдарламасына кіргіздік. Махамбеттен 3-курс арнайы сынақ тапсыралы. Консерваторияны бітірген бала Махамбетті түгел біліп, Махамбет қана емес, барлық халық композиторларынан хабардар болып шығады.

Махамбет бабамыздың күйлерімен бізге жеткен таңға таңба басқандай ақиқат «Шашақты найза — шалқар күй» жинағында айтылған. Белгілі жазушы Ә.Кекілбаев «Батырдың найза ұстамауы қалай басқа қонабаса, батырдың домбыра ұстамауы да — ақылға сыймайтын нәрсе. Мынау жеті күй бізге сол асқақ ақын, асқаралы азаматтың жүрек соғысы мен жүрек тынысының үнімен жазылып қалған кардиограммасындай көп жайды аңғартып, көп нәрсені түсіндіріп тұр. Мұнда да Махамбеттің сол таньса дауысы, таньса шабыты, Махамбет жүрегінің таньса дүрселі» деп М.Ысмағұлов, Н.Көшекбаев, И.Кенжалиев тапқан күйлерге жоғары баға берді. Осы жинақ және құйтабақ шыққаннан бері «Жұмыр-Қылыш», «Қайран Нарын», «Исатайдың Ақтабаны-ай», «Шілтерті терезе», «Өкініш», «Қиыл қырғыны», «Жайық асу» атты күйлері Махамбет бабамыз қалдырған жеті нысанды бұлжымай орындалып келе жатыр.

— Махамбет күйлерінің халық арасында кеңінен таралуының кенже қалуы нәліктен?

Махан «Әй, Шонты би» деген өлеңінде: *Әй, Шонты би, Шонты би, Домбыра тартсам, келер күй,* — деп өзінің асқан домбырашы екенінен де хабар берген ғой.

Махамбетті өміргеннен кейін патша үкіметі оның шығармалары түгілі, атын атауға тиым салған. Сол себепті оның шәкірттері күйлерінің аттарын өзгертіп орындаған. Белгілі зерттеуші, әсіресе, Махамбет шығармашылығына айтулы үлес қосқан Мұстафа Ысмағұлов пен Тмат Мерғалиев өздерінің зерттеу жұмыстары «Махамбет — композитор» мақаласында: «Екі-үш адам жиналған жерде немесе қонақасы мәжілісінде күй тыңдап отырған жерде патша шабармандарының келіп қалатын кездері болады. Бірде күй тыңдаушылар «Қайран Нарын» күйінің ызалы, зарлы сарынына қосыла қайғырып, өткенді естеріне алып, солқылдап жылап отырса, патша ұлықтары: «Бұл не күй? Мыналар неге жыйлайды?» деп себебін білмек болыпты. Сонда күйін атын айтпай, өлейі бұрып: «Запор» десе керек. «Жарайды, осы күйді тарт» деген бұйрыққа, орындаушы күйді қайталап ойнай беріпті. Сонда түкке түсінбеген патша ұлықтары «Күйдің аты өзіне лайық екен. Күйден «запор» болып іштері ауырғаны отырса керек» деп сөзін де, күйін де астарын ұқпай кеткендігін» айтады. Сөзбен өрнектелетін өлең мен әнінен күйдің айырмашылығы да, күрделілігі де осында.

Махамбет — киелі күйші. Киені, қасиеттің күдіреті — қандай қалтарысты, қапылысты, қырғынды бастан кешірсе де, өнерді сақтап қалады.

— Махамбет бабамыздың бізге белгілі 7 күйінен басқа да күйлерінің табылғанын айттыңыз. Жалпы Махамбет күйлерінің қоры жөнінде қандай деректер бар?

қоймауын қалағаладым.

Махамбеттің күйлері — оның жорық жолы. О бастан бергілі болған жеті күйін тізіп, хронологиясын да жасадым. Қайсысы шамамен қай уақытта шығарылғанын рет-ретімен түзуге тырыстым. Бұл үшін көп кітаптар ақтардым.

Беркешбай Аманшиннің, Қажым Жұмалиев, т.б. жазушылардың еңбектерін қайыра қарап шықтым.

Махамбеттің күйшілігін дәлелдейтін тағы бір нәрсе — күй атасы Құрманғазының, Абылдың күйлерінде Махамбеттің күйлерінің лебі бар. Сондықтан Махамбеттің күй мектебі осылардың бәрін алында болды деп айта аламыз. Оны орындаушы, күйші-композитор Қаршыға Ахмедияров та, Айтқали Жайымов та дәлелдеп жүр. Махамбеттің музыкалық шығармашылығы ертен зерттеліп келеді. Оның өндерін ең алғаш сонау 1936 жылдары Ермакович тапты. Күйлері 1957 жылы белгілі болды. Махамбеттің өлеңдері, күйлері халық арасында көп тараған. Сон-а-ау Нарынның түбінде, құмның ішіндегі Махамбет күйлерін сақтап қалған малшылар көзге түспеген, бізге келмеген, жетпеген. Мысалы, оның 5 күйін берген шопан Қанаш Кенжалиевті 70-жылдары Исатай Кенжалиев мен Нәумет Көшекбаев екеуі тауып, алып келіп, жаздырады. 1936 жылдан кейін 1957 жылы Махамбет күйін орындайтын

Оразғали Сүйімбаевті Мұстафа Ысмағұлов академик А.Жубановқа кездестіреді. А.Жубановтың «Махамбет күйлері — Құрманғазы, Дәулеткерей күйлерінің ата күйлері» деген сөзі осы кездесуде айтылып, «Ғасырлар пернесі» кітабының ең басында келтірілді. Бүкіл қасиби күйлерді ретке келтірген Ахмет Қуанұлы Махамбет күйлеріне жоғары баға беріп кеткен. Махамбет күйлері сол 1958 жылдан бері тағы қозғаусыз қалды. Тек 1979-80 жылдары М.Ысмағұлов Қ.Ахмедияровтың есіне ол туралы қайта саялып, Махамбет күйлерінің өлі қозғаусыз, фольклорда жатқанын айтқан. «Тарланым», «Жорық» күйлерінің сілемдері Қ.Ахмедияровтың қолына сол кезде берілген. Орындаушының шеберлігіне байланысты кейбір

күйлер бізге өртүрлі сапада жетеді. Фольклор болғандықтан, оны жөндеу керек. Жасы келген ақсақалар есінде қалғандарын береді. Ол — түпнұсқа емес. «Дұрысы — сол, күйдің түпнұсқасы» деп таласатындар да бар. Соған Қ.Ахмедияров көп нұсқаның ішінен «Жеті мүшесіне жеті күй» деп жетеуін шығарып, кітапқа ендіріп. 1982 жылы кітап шыққаннан кейін Махамбет күйлері тағы да қалып қойды. Қ.Ахмедияровтың бізге өзі отырып, қолма-қол үйреткені — «Жұмыр-Қылыш» пен «Қайран Нарын», «Өкініш». Осы үш күй сонан бері ойналып келе жатыр. Оралда, Атырауда, бізде консерваторияда «Жұмыр-Қылыш» пен «Өкініш» көп ойналады. «Қайран Нарын» — өте философиялық күй. Оны орындау қиын. Бір байқауда Айғұл Үлкенбаева ойнағанда қазылар алқасының төрайымы болып отырған Бақыт Қарабалинның қолын соғып, орынан тұрып кеткені бар. Риза болғаннан. Ол кезде А.Үлкенбаева училищеді оқиды. «Қайран На-

рынның» байқауда ең алғаш орындалуы елі сол кез. Махамбеттің бұл күйі — орындаушысын сынайтын күрделі шығарма.

2000 жылы Мәдениетті қолдау жылында Иманғали Нұрғалиұлы Тасмағамбетов біздің талайдан шықпай жүрген, көп еңбектерімізге бір ауыз сөзбен жол ашып берді. Үш күй кітапқа бірден қол қойды. Сол жылы мен Махамбеттің «Арысман айырылдым» деген күйін тауып, «Атырау — өн-күй мұхиты» атты кітапқа енгіздім. Бір күйдің өзі неге тұрады? Атын айтсаңызшы. Атыраудың Ақкыстауында тұратын тұқымдарымен күйші-домбырашы Манап Дәулетов деген ақсақалдан алдым. (Оның баласы Манарбек Дәулетов 1982 жылы «Ғылым» баспасынан шыққан «Қазақтың фольклорлық жинағына» бір шумақпен ғана енген «Махамбет өнінің нұсқасының» 3 шумағын 2002 жылы Алматыда «Халықаралық дәстүр және даму» атты жыйын концертінде орындап, дүйім елді дүр сілкіндірді. Қызы Гүлнәр Дәулетова — консерватория тұлғайы). Соны алып келіп, күйлердің тобына қосып, бұрынғы Қ.Иманбаевтың орындауында жазылып алынған «Жорық» пен «Тарланымның» үлгісін салыстырдық. Біздің домбырашыларда «Махамбеттің күйлеріне келіңкіремейді екен, жеңілдеу екен» деген әңгімелер болды. Махамбеттің орындаушы қиын, күрделі басқа күйлеріне жүрттың құлақтары сіністі боп қалған. 2000 жылға дейін «Жұмыр-Қылыш», «Қайран Нарын», «Өкініш» — осы үш күй ғана орындалып келген ғой. «Жорық», «Тарланым», «Арысман айырылдым» күйлерін кітапқа енгізе тұрып, мен «Арысман айырылдымның» жана үлгілерін іздедім. Сөйтіп жүргенде, тағы бір үлгісін Жұбанғали Айтмұханбетұлы, Өмірәлі Сейсен деген домбырашылардың орындауында таптым. Сосын екеуін салыстырып, тыңдап, екеуін де жаттап ойнап жүрдік, бірақ бәріден де Каршекеннің ойнағаны бізге қатты ұнады. Біз сол екі нұсқаның екеуін де қалдырдық. Біреуін «Атырау — өн-күй мұхитына», екіншісін Махамбеттің 200 жылдығына арналып «Өлке»